

**Стандартты аукцион (мамандандырылған биржалық аукцион)  
арқылы өтімсіз тауарларды және басқа да тауарларды сатуды  
ұйымдастыру бойынша  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы әдістемелік ұсынымдар нормативтік және/немесе регламенттеуші құжат болып табылмайды және «ЕТС» тауар биржасы» АҚ (бұдан әрі – ЕТС биржасы) мамандандырылған биржалық аукционында өтімсіз тауарларды (бұдан әрі – өтімсіздер) және басқа да тауарларды сату процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдық сипатқа ие.

2. Осы әдістемелік ұсынымдар қолданыстағы заңнама, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, ЕТС биржасының Сауда-саттық қағидалары, «ЕТС клирингтік орталығы» ЖШС (бұдан әрі – ЕТС КО) Клиринг қағидалары негізінде жасалған.

3. Осы әдістемелік ұсынымдарда пайдаланылатын анықтамалар ЕТС биржасының Сауда-саттық қағидаларына және ЕТС КО Клиринг қағидаларына сәйкес пайдаланылады:

**Тауар** – ЕТС биржасында сатылады – және «Тауар биржалары туралы» ҚР Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Жылжымайтын мүлік, зияткерлік меншік объектілері және айналымнан алынған тауар ЕТС биржасы арқылы сатылуға жатпайды.

**Біртекті тауарлар** – бірдей бола тұрып, ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас компоненттерден тұратын, бұл оларға бірдей функцияларды орындауға мүмкіндік беретін тауарлар.

**Біртекті тауарлардың түрлері** – өзара алмастырылмайтын біртекті тауарлар.

**Тапсырыс беруші** – ЕТС биржасының Сауда-саттық қағидаларында көзделген тәртіппен және шарттарда Аукцион өткізуге бастамашылық жасайтын Сауда-саттыққа қатысушының клиенті немесе Дилер.

**Сатушы** – ЕТС биржасында тауарды сату туралы өтінім орналастырған заңды тұлға.

**Сатып алушы** – тауарды сатып алу бойынша ұсыныс берген заңды тұлға.

4. Мамандандырылған тауарлармен сауда-саттық секциясында сату үшін жаңа тауарлар да, пайдалануда болған (бұдан әрі – Б/У) тауарлар да жіберіледі.

## **5. Кепілдік қамтамасыз ету**

14. Жасалатын биржалық мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ өтінімдердің қамтамасыз етілмеуін болдырмау үшін Тапсырыс беруші Претенденттердің қатысуы үшін кепілдік қамтамасыз етуді белгілеуге құқылы. Кепілдік қамтамасыз етудің мөлшерін Тапсырыс беруші тауарды сату үшін көзделген соманың пайызымен дербес белгілейді.

15. Өнім берушілер кепілдік қамтамасыз етуді ЕТС КО-ға енгізеді, Тапсырыс беруші кепілдік қамтамасыз етуді ақшалай қаражатты аудару немесе тиісті кепілдік хат арқылы беруге құқылы. Бұл ретте кепілдік қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі биржалық аукцион өткізілгенге дейін кемінде бір жұмыс күнін құрайды.

## **6. Сауда-саттықты өткізу**

16. Сауда-саттық Сатып алушылар тарапынан сатып алуға өтінімдер қою арқылы ЕТС биржасының электрондық сауда жүйесінде өткізіледі.

17. Сатып алушылар тарапынан өтінімдерді қою кезеңі ЕТС биржасының сайтында алдын ала жарияланады және кемінде бес күнтізбелік күнді құрайды.

18. Сатып алушылардың өтінімдер қою кезеңі аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге аукцион жеңімпазымен биржалық мәміле жасасу үшін уақыт беріледі.

## **7. Сауда-саттық қорытындылары**

19. Жасалған биржалық мәмілелер туралы есепті ЕТС биржасы Тапсырыс берушінің брокеріне және Өнім берушінің брокеріне ұсынады.

20. Биржалық есеп негізінде брокерлер мамандандырылған биржалық аукционда мүддесі үшін мәміле жасасқан өз клиентіне тиісті мәліметтерді ұсынады.